



Автор: КУШНАЗАРОВА ГУЛИСТАН КАИПОВНА

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Сәндік қолданбалы өнер

Тақырып: Шеберлікке шек жоқ

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.1.1.Онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдейді. Көпшілігі: Түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындайды. Кейбірі: Бұйым конструкциясына және оны дайындауға қажеттілігіне қарай өз бетінше өзгеріс енгізеді.Дизайны жағынан ерекше бұйымдар орындайды.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Сәндеу, дизайн, нобай, трансформер бұйымдар, траферетті баспа, батик әдісі, оригами.
Күтілетін нәтиже:	Композицияның орнығуы. Жұмыстың креативті орындалуы.Қорытынды іс-әрекетті дұрыс жасау. Жауаптарын дәлелдемелермен келтіру.
Бағалау критерийлері:	-Жоспарланған бұйымды қол еңбегі құралдарымен өңдей алады. -Түрлі материалдардан бұйымдар жасай алады. - Қауіпсіздік ережелерінің маңыздылығына тоқталады.
Құндылықтарды дарыту:	Өнер, қолөнер, дизайн туындыларының әлемдік және ұлттық ерекшеліктерін біледі. Оқушылар өз бетінше ізденуге, ойларын еркін жеткізе білуге үйренеді.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бұйымды жасау техникасы туралы қажетті материалдар жинақтайды.
Пәнаралық байланыс:	Оқушылар сабақ барысында тарих,математика пәндері бойынша білетін ақпараттарын пайдаланады.
Бастапқы білім:	Бұйым түрлерін, материал таңдай алады, бұйымның нобайын салу кезеңдерін біледі. Өз шығармашылық жұмыстарын жасау үшін практикалық дағдылары бар. (5-сынып)

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	I.Ұйымдастыру бөлімі <ol style="list-style-type: none">1. Сәлемдесу.2. Оқушыларды түгендеу.3. Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру4. Оқушыларды топқа бөлу. 1-топ. Сымбат. 2-топ. Сәнгер.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың соңы (30минут))</p>	<p>Практикалық жұмысқа кіріспес бұрын тоқыма құралдарымен жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасы ережелерін еске түсіріңіздер. (Оқушылар қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді)</p> <p>II. Білім сапасы</p> <p>1. Үй жұмысы</p> <p>Сымбат тобы Бұйымды әшекейлеу үшін қандай материалдар мен фурнитура қолданылады? Жапсырма (апликация) сөзіне анықтама беру Сәнді киімдер мен аксессуарларды таныстыру қалай аталады?</p> <p>Сәнгер тобы</p> <p>1) Аксессуарлар не үшін қажет? 2) Ою-өрнек дайындаудың қандай тәсілдерін білесіңдер? 3) Нобайды қалай қолдануға болады?</p> <p>III. Оқушылардың қабілеті мен шеберлігін арттыру</p> <p>2) Трансформер бұйымдар орындау</p> <p>Сымбат тобы: Көйлектер нұсқасын орындау</p> <p>Сәнгер тобы: Фурошики - сөмке дайындау</p> <p>3) Траферетті баспамен суреттер салу</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарында кейіпкерлердің әртүрлі эмоциялары мен сезімдерін көрсете білуі керек</p> <p>IV. Бәрін білгім келеді</p> <p>Қызықты сұрақтар. «Джин» матасынан тігілетін бұйым қалай аталып кеткен? Ежелгі Египетте бисер не ретінде қолданылған? Кір жуатын машина қай ғасырда шықты? Кеспені алғаш шығарған ел? Мүз неге судың бетінде қалқып жүреді? Иненің жуан бөлігін қалай атайды?</p> <p>5) Шаш өру сайысы</p> <p>Шашты негізгі бөлікке бөледі. Желкедегі екі бөлік шашты қыстырғыштан босатады. Бір жақ шеке мен самайдағы бір уыс шашты құлақтың үстінен желкеге қарай бұрайды. Бұралған шашты тарқатылмайтындай етіп қыстыра тұрып, екінші шекедегі шашты бұрайды. Екі бұралған шашты түйістіріп, астыңғы жаңа шаштарды бірте – бірте қоса отырып өреді, қалған шаштарды қыстырғышпен ұстатып қояды.</p> <p>V. Оригами жасау технологиясы</p> <p>Қағаздарды бүктеу арқылы жасалған бұйымдарды оригами деп атайды. Оригамидің Отаны - Жапония. Жапонияда оригами Хэйан заманынан (794 - 1185ж.) бастап келеді. Бұл заманда қағаз қолдан істеу әдісімен өндірілген, құнды және әсем материал болды. Соңғы уақыттарда тек Жапонияда ғана емес, сондай - ақ басқа елдерде оригами өнерімен айналысады. Қарапайым оригами – оригамидің стилі, британ оригамисті Джон Смит ойлап тапқан.</p> <p>VI. Шығармашылық жұмыс</p> <p>Батик әдісімен бұйымдар орындау. Жейдеге суреттер салу (суық және түйінді батиктерден орындалған)</p> <p>Дескриптор:</p> <p>-Бұйымдарды жасау үшін керек құралдарды анықтайды. -Құралдардың дұрыс қолданады. -Ережеге сай бұйымдар жасайды.</p> <p>ҚБ:Жарайсың! Керемет! Талпын!</p>	
<p>Рефлексия (5 минут))</p>	<p>1. Балалар, біз бүгін жасаған бұйымның адам өмірінде қандай қажеті бар? 2. Осындай әдістерді қолдана отырып, тағы қандай бұйымдар орындағыларың келеді?</p>	